

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 766

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына, "Дене тәрбиесі және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Ұлттық орталық) құрылсын.

2. Ұлттық орталықты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі қызметін жүзеге асыратын орган болып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі анықталсын.

3. Ұлттық орталық қызметінің негізгі мәні:

1) балалар мен жастардың дене тәрбиесі жөніндегі ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге мақсатты кешендік бағдарламалар әзірлеуге қатысу;

2) спорт түрлері бойынша республиканың спорттық резервін даярлауға және жасөспірімдер мен студенттік құрама командаларын жасақтауға қатысу;

3) спорт түрлері бойынша республика құрама командасының мүшелеріне педагогикалық, психологиялық және дәрігерлік-биологиялық көмек көрсету;

4) дене тәрбиесі жөніндегі педагог кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысу болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) Ұлттық орталықтың жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім, ғылым және дене тәрбиесі ұйымдарының желілерін және құрылымдарын оңтайландыруды жүргізуден түскен қаражат есебінен аймақтық дене тәрбиесі орталықтарын құру мәселесін қарастырсын.

6. Алматы қаласының әкімі белгіленген тәртіппен Ұлттық орталықты орналастыруға арналған үй-жай бөлсін.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК